



№75
(1988)
24 қыркүйек
2025 жыл,
сәрсенбі

JAMBYLTARAZ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ



АҢЫЗ АДАМ

→ 2

ҚАДАҒА

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС – НАҚТЫ НӘТИЖЕ

Қала әкімі Бақытжан Орынбеков шаһардағы бірқатар нысанды аралады

Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков шаһардағы бірқатар нысанды аралады. Ең әуелі шаһар басшысы «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы аясында ұйымдастырылған жалпықалалық сенбілікке қатысып, тұрғындармен тілдесті.

Құрбанәлі ШАХАБАЙ

Шаһар басшысы өз сөзінде қала тазалығы баршаға ортақ екенін айтып, жұртшылықты сенбілікке белсене атсалысуға шақырды. Шараға мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері, кәсіпкерлік нысандардың жұмысшылары, жастар ұйымдары мен еріктілер қатысып, «Алатау» (8) шағынауданы аумағында кең көлемді тазалық жұмыстарын жүргізді. Сенбілікке 10-ға жуық техника тартылып, нәтижесінде 80 текше метр құл-қоқыс шығарылды. Сонымен қатар шаһар аумағындағы бекітілген учаскелерде талдарды балақтау, шөп ору жұмыстары жүйелі түрде атқарылды.

Бұдан кейін Бақытжан Әмірбекұлы «Жасыл Ел-Тараз» мекемесінің жұмысшыларымен кездесіп, қысқы мерзімге дайындық барысымен танысты. Шаһар басшысы мекеме тарапынан атқарылып жатқан жұмыстардың жай-күйін бағамдап, алдағы маусымға қажетті шараларды пысықтады. Сондай-ақ жүздесу барысында жұмысшылардың еңбекқасқына қатысты мәселе қозғалды. Қала әкімі бұл мәселені назарға алып, алдағы уақытта тиісті шешімін табатынын атап өтті.

Келесі кезекте «Мыңбұлақ» (9) шағынауданында салынып жатқан балалар ойын алаңшасына



барған шаһар басшысы нысанның сапасын көріп, сол бойынша жауаптыларға бірқатар тапсырмалар жүктеді. Сондай-ақ шағынаудан тұрғындарымен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдаған Б.Орынбеков айтылған мәселелер кезек-кезеңімен шешілетінін жеткізді.

Осы ретте айта кетерлігі, өткен жылы ауаларды абаттандыру, оның ішінде балалар ойын алаңшасын салуға қала бюджетінен 500 миллион теңге бөлініп, 24 аула абаттандырылды. Биыл да 768,7 миллион теңгеге 25 ауланы абаттандыру жұмысы жүргізіліп жатыр. Оның 24-і – мемлекет есебінен, біреуі жеке кәсіпкердің қолдауы арқылы жүзеге асырылуда.

Сонымен қатар Бақытжан Әмірбекұлы «Ұлы дала» (15) шағынауданында жүргізіліп жатқан жол құрылысы мен жаяу жүргіншілер жолдарын салу,

сондай-ақ көше жарығын орнату жұмыстарының жай-күйімен танысты. Шаһар басшысы жауаптыларға жұмыстың сапасын бақылауды күшейтіп, белгіленген мерзімде аяқтауды тапсырды. Аталған аумақтан А.Асқаров көшесіне өтетін «Қапал» каналы үстіндегі автокөлік көпірінің құрылыс барысы да назардан тыс қалмады.

Жалпы, кейінгі 3 жылда Тараз қаласында 420 көшеге асфальт төселді. Мәселен, биыл Рысбек батыр, А.Асқаров көшелерін қайта жаңғырту жұмыстары жоспарланып отыр. Сонымен қатар 96,7 шақырымды құрайтын 113 көше мен жаяу жүргінші жолдары орташа жөндеуден өтті. Бұдан бөлек, 20 саяжайдағы ұзындығы 34,6 шақырымды құрайтын 100 көшеге шағал төселді. Сондай-ақ осы жылы 85 көшеге түнгі жарық шамдарын орнату көзделген болатын. Оның ішінде 67 көшенің жұмысы биыл аяқталса, 18 көше – 2026 жылға өтпелі.

Құрмаш ҚАПТАҒАЙ



ОҢ МЕН СОЛ

Қазақ даласының кеңдігі мен бай тарихы талай аңызға арқау болған. Бабаларымыздың ерлігі, ат үстіндегі азат күндері, ұлан-ғайыр сахардағы дүбірі бүгінгі ұрпаққа өнеге болып жетті.

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»:

Жамбылдық жүйріктер жарыстан неге шет қалды?



Жұматай КӨКСУБАЙ

«Ұлы дала жорығы» республикалық марафон-бәйгесі – сол аңыздардың бүгінгі жалғасы іспетті. Бұл – тек бәйге ғана емес, ата-бабамыздың көшпенділік болмысын, ерлік рухын қайта жаңғыртқан ерекше жоба. Даланы дүбірге бөлеп, тұлпарлармен бірге жүректерді де дүр сілкіндірген бұл жорық елдік пен бірліктің айқын көрінісіне айналды.

Жорықтың ерекшелігі – аталған бәйге бірнеше күнге жалғасып, жүздеген шақырымға созылатын қашықтықты қамтуында. Бұл жерде тек аттың жүйріктігі емес, шабандоздың шыдамы, бапкердің еңбегі, туған жердің рухы сыңа түседі.

Бұл сында алдыңғы қатардан көрініп жүргендердің ішінде Жамбыл облысының тұлпарлары мен шабандоздары да бар. Айталық, 2022 жылы өткен алғашқы додада жамбылдықтар 1 200 шақырымды құрайтын жорықта мәреге төртінші болып жетсе, 2023 жылы аймақтан аттанған үш шабандоздың бірі атының аяғын ақсатып алуына дәрігерлер бәйгені жалғастыруға рұқсат етпеді. Ал өткен жылғы марафонда жамбылдықтар тағы да төртінші орыннан көрініп, ат жалын тартқан жігіттері мен шашасына шаң жұқпайтын жүйріктері әлі де бабында екенін

дәлелдеді. Алайда биылғы мамыр айында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Алматы облысында өткен «Ұлы дала жорығы» халықаралық марафон-бәйгесіне қатысқан Жамбыл облысы командасы жарыс жолын толық аяқтай алмады.

Ал биыл Қостанай облысында халқымыздың біртуар перзенті, Алаш арысы Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына және Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына арналған халықаралық «Ұлы дала жорығы» марафон-бәйгесінде әулиеаталық арғымақтардың көрінбеуі көпшіліктің көкейінде сан сауал туғызды. Өйткені биылғы дүбірлі бәйгеге барлығы 18 команда қылқұйрықтарын сайлап келген болатын. Оның ішінде көршілес Қырғызстан Республикасынан, Маңғыстау және Қостанай облыстарынан екі-екі командадан қатысса, аламан бәйгеден кенде қалмаған Жамбыл облысынан бірде-бір команданың сыңға түспегені жыл басында күпті болған көңілдердегі күдікті одан сайын үдетті.

Бұл жайт «Бәйге өнерінен аты озған Әулиеата арғымақтарының мұндай аламанда көрінбегені қалай?» деген орынды сауалды алға тартқызды. Бірі дайындықтың әлсіздігін айтса, енді бірі ұйымдастыру барысындағы олқылықтарды тілге тиек етуде. Қалай десек те, Жамбыл облысының жүйріктері бәйгеге қатыспауы аймақтың спорттық абыройына да, атбегілік дәстүріне де көлеңке түсірді.

→ 4

БАЙҚАУ

«ҚҰЛАҚТАН КІРІП БОЙДЫ АЛАР...»

Қала күніне орай Ы.Дүкенұлы атындағы мәдениет үйінде дәстүрлі өнер додасы – «Тараз дауысы-2025» байқауы өтті. Сайыс жас таланттарды қолдау, олардың шығармашылығын шыңдау және өнерге деген құштарлығын арттыру мақсатында ұйымдастырылды.

Байқауға 16 мен 35 жас аралығындағы 9 өнерпаз қатысып, бақтарын сынады. Екі кезенді қамтыған додада қатысушылар әуелі патриоттық, содан соң еркін тақырыптағы әндер шырқады.

– Сайысқа іріктеу кезеңінен өткен 10 өнерпаздың 9-ы қатысты. «Тараз дауысы» алдағы уақытта да жалғасын тауып, өңірдің жас өнер иелерін сахнаға шығаруға үлкен мүмкіндік болмақ, – дейді қалалық мәдениет үйі әдістемелік бөлімінің меңгерушісі Байжан Айтқабылұлы.

Байқауда қазылар алқасы қатысушылардың дауыстарын, сахна мәдениетін, орындаушылық шеберлігін бағалады. Байқау қорытындысы бойынша бас жүлдені – Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінің студенті Нұрасыл Жарылқасын, I орынды – М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің студенті Акерке

ҚҰЛЫП ПЕН КІЛТ

БАРКУАБ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ ҚАШАН ЖАНДАНАДЫ?

Тарихтың ақтаңдақ беттерінде ақиқаты ашылмаған дүние көп. Әсіресе, аңыз һәм шындықпен астасқан тарихи орындар аз емес. Есте жоқ ескі заманнан сыр шертетін мұндай мекендердің тылсым тұстары да жетерлік. Міне, сондай орынның бірі – Жуалы ауданында орналасқан Баркуаб қалашығы.

Жалпы, тарихи шаһар жайлы ел ішінде түрлі деректер айтылады. Біреулер Баркуаб қаласы Теріс ауылының орнында болған деседі, осы бағытта зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген тарихшы Ескендірбек Төрбеков Баркуаб шаһары Тараз қаласының негізгі орталығы болғанын алға тартады. Тағы бір деректерде Баркуаб көне Тараз шаһарынан 150-200 жыл бұрын пайда болғаны айтылуда. Сонда жобамен Баркуаб қалашығы біздің заманымызға дейінгі II-I ғасырларда пайда болды деген болжам бар.



→ 4

ОҚУ ОРДАСЫНДА

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА



Тараз қаласында жасөспірімдер қазасының жиілеуіне байланысты балалардың құқықтарын қорғау, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылыққа қарсы іс-қимыл бойынша 9 жұмыс тобы құрылған болатын. Оның құрамына психолог мамандар, ардагерлер, полиция қызметкерлері және жауапты саладағы мемлекеттік қызметшілер кірді.

Осы бағыттағы шаралар шеңберінде Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков те облыс орталығындағы оқу ордаларының оқушыларымен арнайы кездесуде. Осындай жиынның бірі Амангелді атындағы орта мектепте өтті.

Басқосу барысында шаһар басшысы

заңға бағыну мәдениеті, сапалы білім алу мен дұрыс тәрбие беру, отбасы құндылықтары туралы әңгімелеп, балалардың ұсыныс-пікірлеріне құлақ түрді.

– Бүгінгі жүздесу мен үшін ғана емес, баршамамыз үшін ерекше мәнге ие. Себебі балалар – елдің ертеңі ғана емес, бүгінгі күннің де маңызды бөлігі. Сіздердің ой-пікірлеріңіз, ұсыныстарыңыз біз үшін бағалы. Әрқайсыңыздың көзқарасыңызда, армандарыңызда қоғамның болашағы жатыр.

Заңға бағыну мәдениеті, сапалы білім алу мен дұрыс тәрбие беру – тек отбасы мен мектептің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ жауапкершілігі. Бұл – өркениетті ұлт болудың, бейбіт әрі әділетті қоғам құрудың негізі. Сондықтан да мұндай кездесулер өзара сенім мен жауапкершілікке құрылған

байланысты айғақтайды.

Балалардың қауіпсіздігі – тек атаналардың ғана емес, барша қоғамның, мемлекеттің және әрбір азаматтың ортақ ісі. Балаға жасалған әрбір игі қадам болашаққа жасалған инвестиция десек, артық емес. Біз сіздерге тек білім беріп қана қоймай, жан-жақты тұлға болып қалыптасуларыңызға барлық жағдай жасауға тиіспіз, – деді шаһар басшысы өз сөзінде.

Айта кетерлігі, бұл кездесу жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, құқық-бұзушылықтың алдын алуға және әрбір өренді елжанды, жауапты азамат етіп тәрбиелеуге бағытталды. Мұндай жүздесулер алдағы уақытта да өз жалғасын табады.

Құрбанәлі ШАХАБАЙ

ЖОЛДАУ ЖҮКТЕГЕН МІНДЕТ

АГРАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ АСЫРАУШЫ САЛАНЫ АЛҒА БАСТЫРАДЫ

Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде «Аграрлық ғылымды дамыту: өзекті мәселелер мен жаңа мүмкіндіктер» тақырыбында Қазақстан Республикасының Ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының көшпелі сессиясы өтті.

Жиын Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл шаруашылығы саласын жаңғырту және аграрлық ғылымды дамыту туралы тапсырмалары аясында ұйымдастырылды. Шара Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің болашағын айқындауға және ғылыми жетістіктерді өндіріске енгізуге бағытталған маңызды қадам болды.

Келелі кеңеске Ұлттық аграрлық ғылымдар академиясының президенті, академик Тілектес Есполов бастаған академиктер мен жетекші ғалымдар, сондай-ақ Жамбыл облысы әкімінің бірінші орынбасары Нұржан Календеров, Ш.Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінің ректоры Махметғали Сарыбеков және өңірлік ауыл шаруашылығы саласының мамандары қатысты.

Сессия барысында ғылым мен өндірістің интеграциясы, ғылыми-зерттеулерді тиімді коммерцияландыру және өндіріске енгізу жолдары, су үнемдеу технологияларының ауыл шаруашылығындағы маңызы, агроөнеркәсіптік кешенге цифрлық технологияларды енгізу және көміртекті егіншілік, Қазақстанның экспорттық әлеуетін арттыру мәселелері кеңінен талқыланды.

Сонымен қатар сессияның басты мәселесі ретінде Шерхан университетінің базасында

өңірлік агротехнологиялық хаб құру мүмкіндігі қаралды. Бұл бастама Жамбыл облысының аграрлық әлеуетін арттыруда, ғылым мен тәжірибені біріктіруде маңызды рөл атқарады деп күтілуде.



Шара барысында қатысушылар университеттегі агробиологиялық, ветеринария және мал шаруашылығы орталықтарымен, сондай-ақ аквафермамен танысып, оқу ордасы базасының ғылыми-инновациялық инфрақұрылымын жоғары бағалады.

Басқосу соңында Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенін дамытуға қатысты нақты ұсыныстар жасалды. Бұл жиын аграрлық ғылымдағы жаңа бағыттарды айқындап, болашақ даму

жолдарын көрсеткен маңызды алаңға айналды.

Бағлан БАТЫРБЕК,
Ш.Мұртаза атындағы
Халықаралық Тараз университеті
«Маркетинг және жарнамалар»
басқармасының басшысы

САҚТЫҚТА ҚОРЛЫҚ ЖОҚ

ЖҮРГІЗУШІ, ЖАЛҒАН АЙЫППҰЛ – АЛАЯҚТЫҢ АРБАУЫ!

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің Қылмыстық қауіп-қатердің және қоғамдық қауіпсіздіктің тәуекелдерін болжау орталығы азаматтарды жүргізушілерге жол қозғалысы ережелерін бұзғаны туралы жалған қауылылардың жіберіліп жатқаны жайлы ескертеді.



Алаяқтар осылайша темір тұлпар иелерінің бейқамдығын пайдаланып, олардың қаражатын қолды қылуды жолға қойған. Жол ережесін бұзу туралы жалған хабарламалар электрондық пошта мен мессенджерлерге жіберіледі. Онда жүргізуші мен көлік туралы деректер және «айыппұл төлеуге» арналған сілтеме көрсетіледі.

Шын мәнінде, бұл – фишингтік шабуыл. Банк картасының деректерін енгізген кезде алаяқтар сіздің шотыңызға толық қол жеткізіп, қаражатты ұрлауға мүмкіндік

алады. Ал кейбір жағдайларда сілтеме арқылы сіз пайдаланатын құрылғыдан жеке деректерді ұрлауға арналған вирус жолданады. Бүгінде мұндай шабуылдар Ресей мен АҚШ-та тіркеліп отыр. Сондықтан мұндай схеманың Қазақстанда таралу қаупі бар.

Әкімшілік айыппұл салу туралы ресми хабарламалар тек 1414 қысқа нөмірінен келіп түседі және төлем сілтемелерін қамтымайды. Салынған айыппұлдар туралы ақпарат egov.kz арқылы банктердің мобильді қосымшаларына да берілетінін

естеріңізге саламыз.

Егер сіз 1414 нөмірінен айыппұл туралы хабарлама алсаңыз және онда төлем сілтемесі болса, ол бойынша өтпеңіз! Бұл – алдау! Мұндай хабарламаларды алаяқтар жібереді.

Бұл жағдайда сізге сілтемелер арқылы өтпеуді және күмән тудыратын хаттардың тіркемелерін ашпауды, айыппұлдар туралы ақпаратты egov.kz, qamqor.gov.kz ресми ресурстарында және банктердің мобильді қосымшаларында қайта тексеруді ұсынамыз.

Егер сіз сілтеме арқылы өтіп, деректерді енгізген болсаңыз, банк картасын шұғыл бұғаттап, ықтимал алаяқтық фактісі туралы банкке және полицияға 102 телефон номері арқылы хабарлаңыз. Сонымен қатар құрылғыңызда вирустың бар-жоғын тексеріңіз.

Сақ болыңыз. Жақындарыңызды ескертіңіз. Алаяқтарға мүмкіндік бермеңіз!

ҚР Бас прокуратурасы
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу комитетінің
Қылмыстық қауіп-қатердің және
қоғамдық қауіпсіздіктің
тәуекелдерін болжау орталығы

ТҰЛҒА

Жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың: «Ел үшін туған ерлердің алды-арты дария кең болар», – деген асыл сөзі Дінмұхамед Қонаевқа арналғандай.

АҒЫЗ АДАМ



«Биікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым. Қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім. Мен тәңірі сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Ат жалын тартып мінген азамат шақтан алдыма қойған бар арман, бар мақсат – өзіммен ентелес болу еді, халқым. Ол ниет орындалды. Қалтқысыз қызмет етуге, аманатыңа адал болуға, адам баласына қиянат жасамауға, ала жіптен аттамауға тырыстым. Соңғы демім таусылғанша алақаны аялы, жаны саялы елім, саған, алтын бесігім – жерім, саған қызмет етуден танбаймын», – деген Дінмұхамед Ахметұлы – «бар байлығым, бар бақытым – халқым» деп ғұмыр кешкен қайраткер.

Халқы үшін қажымай, елі үшін ерінбей еңбек етудің үлгісі болған Д.Қонаев – еліміздегі аса маңызды оқиғалардың куәсі. Елу жылдан астам ел басшылығында жүріп, талай ерлікке толы елеулі істе қолының табы қалған. Қазақта «Көктем гүлдің бағын ашады, көсем елдің бағын ашады» деген дана сөз бар. Дінмұхамед Ахметұлы – қазақтың бағына туған тұлға, әділеттілік, адамгершілік, адамсүйгіштік қасиеттерден айнымаған қайраткер.

Ғасырда емес, ғасырларда бір туатын, ел құрметіне бөленген адамдар болады. Дінмұхамед Қонаев – сондай адам. Халқына сыйлы, заманының дара туған перзенті.

Дінмұхамед Қонаев мемлекет және

халық алдында сінірген зор еңбегі үшін үш мәрте (1972, 1976, 1982 ж.) Социалистік Еңбек Ері деген жоғарғы атаққа ие болды, 8 рет «Ленин», «Еңбек Қызыл Ту» және «Октябрь революциясы» ордендерімен, көптеген медальмен, шетелдердің бірқатар ресми сыйлықтарымен марапатталды. Дінмұхамед Ахметұлы өз еңбегінің арқасында, ұлтының мәртебесін көтергені үшін, еліне әділдігі, адалдығы, тазалығы, жанашыр қайраткерлігі үшін халық жүрегінен өз орнын алған.

«Қиындықсыз іс болмайды. Мен – соңғы 50 жыл ішінде республикада болған орасан зор өзгерістердің куәсі ғана емес, оған тікелей белсене араласқан адамның бірімін. Бұның өзі Қазақстанның қалыптасуынан бастап, өсіп-өркендеуіне дейінгі өмірім, оның өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығының, мәдениеті мен ғылымының даму жолын түгел саралап, бағалауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл – ұлан-асыр тарих. Халықтың маңдай терімен жасалған игілік», – деген Дінмұхамед Ахметұлының даналық дариясы – жастарға өнеге. Халықтың бағына туған, Қазақстанның қай түкпіріне барсаң да, тілдессен де, Дінмұхамед Ахметұлы – ұлылығы биіктей беретін аңыз адам. Уақыт өткен сайын оның еліне қалдырған еңбегі даралана, айрықша бағалана бермек.

Гайһар ҚЫРҚЫМБАЕВА,
Жамбыл облыстық
тарихи-өлкетану музейі
«Д.А.Қонаев орталығының»
экскурсоводы



ҚАЙЫРЫМДЫ ІСТІҢ ҚАЙЫРЫ БАР

Жаңа оқу жылын ұйымдастыру мақсатымен 2025 жылғы 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында республика көлемінде «Мектепке жол» акциясы жарияланған болатын.



Акцияның мақсаты – аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу. Шара кәсіпкерлерді, меценаттарды, мемлекеттік органдарды акцияны өткізуге көмек көрсетуге және өмірлік қиын жағдайға тап болған отбасылар мен балаларға көмек көрсетуге шақырады.

Ігі істер аясында Тараз қалалық №56 орта мектептің әкімшілігі және сынып жетекшісінің көмегімен 2-сынып оқушысы Нұргиса Тілендиев атындағы көпбалалы және аз қамсыздандырылған отбасы балаларына арналған мектеп-интернатына орналастырылды. Сондай-ақ 8-сынып

оқушысының ата-анасы мен сынып жетекшісі бірлесе жұмыс атқара отырып, денсаулығына байланысты құжаттары жинақталып, оқумен қамтылды.

Бұдан бөлек, мектепке қарасты учаскелерде орналасқан шаруа қожалықтарында оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау мақсатында рейдтік жұмыс жүргізілді.

Сонымен қатар «Мектепке жол» акциясы аясында жиналған макулатура өткізіліп, үйден оқытылатын оқушыларға оқу құралдары мен мектепке ұстайтын 5 дана сөмке алынып берілді.

Қ.МҰХАМАЕВА,
№56 орта мектептің
әлеуметтік педагогы.
Тараз қаласы

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

ҚАЛА КҮНІНЕ ОРАЙ ӨТЕТІН ІС-ШАРАЛАР

«Қызыл жұлдыз» мәдениет үйі	
2025 жылдың 25 қыркүйегі, сағат 10:00	«Менің Таразым» атты мерекелік концерттік бағдарлама
«NB SKY cinema» антикиноатеатры	
2025 жылдың 25 қыркүйегі, сағат 19:00	«JarIQ» жастар интеллектуалдық ойыны
«MART» сауда және ойын-сауық орталығы, қоғамдық көліктер, қоғамдық орындар	
2025 жылдың 25 қыркүйегі, сағат 11:00 мен 16:00 аралығы	«Тараз тарихының шежірелі деректері» атты әдеби круиз
Орталық алаң	
2025 жылдың 27 қыркүйегі, сағат 19:00	«Сүйікті қалам – Тараз» атты эстрада жұлдыздары мен жергілікті өнерпаздардың қатысуымен мерекелік мәдени-көпшілік іс-шара

ДІНДЕГІ ТАТУЛЫҚ – ТЫНЫШТЫҚТЫҢ ТІРЕГІ



Діндегі татулық деген кезде тыныштығын сақтаған, ынтымағы мен бірлігі жарасқан, діни алауыздығы жоқ бейбіт өмір сүріп жатқан ел еске түседі. Қай ұлт, қай ел болса да бейбітшілік пен ашық аспанды, бақытты, терезесі тең, керегесі кең елдердің қатарында болуды аңсайды. Өйткені татулық пен келісім, бейбітшілік пен тұрақтылық бар елді бақыт өзі іздеп келеді.

Қабан (Қабылиса) жырау: – Бақыт, қайда барасын? – Көршімен болған бірлігі, Тағат, ғибадат тірілігі, Ұйымшыл елге барамын, – деп жырлаған екен. Бабаларымыз мұндай жырлары арқылы діндігі татулық пен тыныштыққа шақырған. Иә, адамдар арасында бірлік болса, олар ынтымақта, тату-тәтті өмір сүреді. Өзара сыйласып, ұйымшылдық көрсеткен кезде ғана бірлікке қол жеткізуге болады. Халықтың қамын жеген ұлы тұлға Әлихан Бөкейханов: «Қазақ баласы бірігіп, тізе қосып іс қылса – халықтық мақсат сонда орындалады. Бостандыққа апаратын жалғыз жол – ұлттық ынтымақ қана», – деп татулық пен ауызбіршіліктен айырылмауға үндеген. Татулықтың баға жетпес бақ екенін, көпшіліктен жақсы қарым-қатынаста болудың берекесі жайлы дана халқымыз «Татулық – табылмас бақыт», «Жолдасы көптің – олжасы көп» деп тектен-тек айтпаса керек. Хәкім Абай атамыз да «Татулықтан артық жолдас жоқ» деген-ді. Ислам – 15 ғасырға жуық уақыт бойы бейбітшілікті ту етіп, елдің тыныштығы мен тұрақтылығын басты назарда ұстауды

ұрандатқан дін. Асыл дініміз Исламға дейінгі қараңғылық пен نادандық дәуірінде өмір сүрген рулар мен тайпалардың сан ғасырлар бойы болмашы себептерге бола өшпесіп, бір-бірімен жауласқаны тарихтан белгілі. Соңғы пайғамбар келер кезде араб түбегі ғана емес, күллі адамзат ең ауыр кезеңді бастан көшіп жатқан еді. Дүние жүзі халықтары наным-сенім тұрғысынан бір-біріне кереғар топтарға бөлініп кетіп, адамзаттың ынтымағы ыдыраған еді. Адамгершілік, қадір-қасиет аяқ асты етіліп, күштілер әлсіздерге күн көрсетпей, табанына салып езуден болды. Міне, сондай қараңғы дәуірде Алла Тағала сүйікті пендесі Мұхаммедке (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбарлық міндетті жүктеді. Мейірім мен жанашырлықтың, адамгершілік пен парасаттылықтың, ізгілік пен жақсылықтың, көркем мінез-құлықтың озық үлгісін паш етсін деп Алла Тағала оны бүкіл әлемге тек мейірім етіп жіберді. Бұл жайлы Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде: «Біз сені әлемдерге мейірім етіп қана жібердік», – деген («Әнбия» сүресі, 107-аят). Яғни, мұсылман болсын, христиан болсын, мейлі еврей болсын – ешкімді бөліп-жармай, бүкіл әлемге мейіріммен жіберілген елші екені баяндалып жатыр. Иә, Ислам діні қандай тамаша болса, оның мақсаттары да дәл сондай тамаша. Достық, бейбітшілік, баршаға тек жақсылық қалайтын асыл діндіміздің басты қағидаларының бірі Құран Кәрімнің мына аятында былай баяндалған: «Дінде зорлық жоқ» («Бақара» сүресі, 256-аят). Ислам дінінің хақтығы мен пәктігі осы ұстанымнан анық көрініп тұр. Ол ешкімді өзін қабылдауға немесе мойындауға күштеп мәжбүрлемейді. Керісінше, әркімге таңдау еркін берген. Ислам діні – ақиқат пен парасаттылық, адамгершілік пен кішіпейілділік, әділдік секілді кісіге қажет қасиеттерге шақыратын ұлы дін. Ислам дінін ұстанған адамды «мұсылман»

деп атаймыз. Мұсылман кісі – өзінің атына заты сай бейбітшілікті, тыныштықты, дінаралық татулықты, ұлтаралық достықты қоршаған ортаға іс жүзінде көрсетіп, жая білген тұлға. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінің бірінде: «Нағыз мұсылман – өзге мұсылмандар оның тілі мен қолынан зиян көрмеген адам», – деп айтқан. Демек, нағыз мұсылман – қоғамдағы өзге адамдарға зиян тигізбей, татулық пен тыныштықты сақтай білетін адам.

Қасиетті Құранның өзі мұсылман жұртшылығын өзге дін өкілдерімен ынтымақта болуға, діни төзімділікке, ортақ түсіністікке үндейді. Құран Кәрімде аса қамқор, ерекше мейірімді Раббымыз Алла: «Ей, адамдар! Біз сендерді бір ер мен бір әйелден жараттық. Бір-бірлерімен танысып, білісулерің үшін сендерді ұныстар мен түрлі ұлттар еттік. Расында, Алланың құзырындағы ең ардақтыларың – ең тақуаларың», – деген («Хұжурат» сүресі, 13-аят).

Асыл дініміз Ислам келумен адамзатты түгелдей түрі мен түсіне, тегі мен нәсіліне, ұлты мен ұлысына, діні мен діліне қарамай, татулық пен тыныштыққа, бейбітшілік пен келісімге, өзара төзімділік пен бір ортақ ымыраға келіп, бауыр болуға шақырды. Сондай-ақ араларындағы дау-дамайлар мен соғыстарды доғарып, бір адамның балалары екендерін ұмытпай, баршасына достық пен тату-тәтті өмір сүруді бұйырды. Алла Тағала Құран Кәрімде: «Алла сендерді дінде соғыспаған әрі елдерінен қуып шығармағандарға жақсылық пен әділдік жасаудан тыймайды. Расында, Алла әділдік жасаушыларды жақсы көреді», – деген («Мумтахина» сүресі, 8-аят).

Алла Тағала бұл аятта мұсылмандарды өзге ұлт пен дін өкілдерімен, егер олар мұсылмандарға қарсы діни дұшпандықпен соғыс ашпаса әрі оларды қыспаққа алып, өз елдерінен шығарып жіберуге тырыспаса, олармен жақсы қарым-қатынаста болуға бұйырумен қатар оларға қатысты әділ болу керектігін нақты айтып жатыр. Осы үкім Ислам дінінің адамдарға қаншалықты жанашыр әрі кеңпейіл дін екенінің жарқын дәлелі. Дініміз өзге діндігерлерге жақсылық жасаудан және әділдік етуден ешкімді тыймайды. Мұндай ұлы үкімді өзге жүйелер де, діндер де жоғла қоя алмаған. Исламның туын желбіреткен ардақты Алла Елшісі де (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) адамзаттың өмір салтын күрт өзгертіп, рухани әрі қоғамдық салада ең үлкен әрі жақсы өзгеріс жасады. Адамдардың ой-өрісін ақиқатқа жетелейтін жүректеріндегі мейірім мен рақымды оятты. Кез келген адамды адам болғаны үшін құрметтеуді үйретті.

Амангелді ЕМБЕРГЕНОВ,
«Ар-Рахман Ар-Рахим»
мешітінің имамы,
Тараз қаласы

РӘМІЗДЕР – АЗАТТЫҒЫМЫЗДЫҢ АЙҒАҒЫ

Еліміз ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігін алғаннан соң ата-бабалардың арманы орындалып, көк байрағымыз егемен ел аспанында желбіреді. Бұл – мәңгілік ел болуға бағытталған берік қадам еді.

Мемлекеттік рәміздер күні – Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ерекше күн. 1992 жылы 4 маусымда Жоғарғы Кеңес еліміздің Туы мен Елтаңбасын бекітті. Ал сол жылдың желтоқсанында Әнұранымыз қабылданды. Осылайша Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде әлемге жаңа бейнесін танытты. Мемлекеттік рәміздер – кез келген елдің егемендігі мен тәуелсіздігін білдіретін, оның тарихы мен рухын, болмысы мен байлығын айшықтайтын басты нышандар және халқымыздың жүрегінен орын алған киелі де қасиетті белгілер. Олар Тәуелсіз Қазақстанның дербестігін айқындайтын басты құндылықтар қатарында. Туымыздағы аспан түстес көк түс – бейбітшіліктің, тыныштықтың, кеңдіктің нышаны. Күн мен қыран – өмір мен еркіндікті, жарқын болашақты білдіреді. Бүгінде әрбір білім ордасында, мекемеде, халықаралық алаңдарда еліміздің рәміздері биікке көтерілуде. Бұл – ел мерейі мен мақтанышы. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – Отанды сүйудің көрінісі. Олар – ұлттық бірліктің, патриоттық рухтың, тәуелсіздіктің



символы. Сондықтан рәміздерімізді көздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа қадір-қасиетімен жеткізе білу керек. Рәміздерді құрметтеу – тек заң талабы емес, бұл – азаматтық борыш, ұлттық намыс пен жауапкершілік. Өсіресе, жас ұрпаққа оны сіңіру – басты міндеттердің бірі. Сонда ғана елдігіміз енселі, тұтастығымыз баянды болмақ.

Д.А.ЛИАСКАРОВА,
Тараз қаласы әкімі аппараты
құқық қорғау органдарымен
жұмыс және құқықтық
қамтамасыз ету бөлімшесінің
бас инспекторы

ЕҢБЕКШІ КӨШІП КЕЛУШІГЕ РҰҚСАТТАР БЕРУ ЖӘНЕ ҰЗARTY ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

Құрметті қала тұрғындары! Тараз қаласы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі «Еңбекші көшіп келушіге рұқсаттар беру және ұзарту» мемлекеттік қызметін көрсетеді. Бұл мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі. «Еңбекші көшіп келушіге рұқсат беру, ұзарту және кері қайтарып алу» мемлекеттік көрсетілетін қызметін аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары көрсетеді. Қызметтің алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметі алу үшін «Азаматтар арналанған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамына немесе www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы немесе migration.enbek.kz порталы арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық

құжат нысанындағы өтінішті құжаттармен қоса жолдайды. Қызметтің көрсетілу мерзімі қажетті құжаттар топтамасын портал арқылы тапсырған күннен бастап өтініш түскен күнді есептемегенде 2 (екі) жұмыс күнін құрайды. Мемлекеттік қызметтің көрсетілу нысаны толығымен автоматтандырылған, яғни электронды түрде көрсетіледі. Көрсетілетін қызметтің алушы портал арқылы барлық қажетті құжаттарды берген кезде көрсетілетін қызметтің алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы белгі көрсетіледі. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) Мемлекеттік корпорацияның интернет-ресурсы – www.gov4c.kz; 2) Портал – www.egov.kz;

3) www.migration.enbek.kz. Қызметтің қорытындысы, яғни қызмет көрсетілгені немесе бас тартылғаны туралы ақпарат әр азаматтың «электрондық үкімет» веб-порталындағы жеке кабинетіне хабарландыру ретінде келіп түседі. Осы заңдарға сілтемені төменде көрсетілген QR-кодты сканерлеу арқылы толық көре аласыздар.



А.А.ЛИМБЕТОВА,
Тараз қаласы әкімі аппараты
мемлекеттік көрсетілетін қызметті
мониторингілеу бөлімшесінің басшысы

ПОД ПРИЦЕЛ ИНТЕРНЕТ-МОШЕННИКОВ ПОПАЛИ АВТОЛЮБИТЕЛИ



Центр прогнозирования преступных угроз и рисков общественной безопасности Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры предупреждает граждан о новой набирающей обороты в мире киберугрозе. По данным зарубежных источников, злоумышленники массово рассылают фальшивые постановления о нарушении Правил дорожного

движения. Письма и сообщения поступают на электронную почту и в мессенджеры и содержат данные водителей, номера авто и ссылку для «оплаты штрафа». На самом деле – это фишинговая атака. При вводе данных банковской карты происходит полный доступ к Вашему счету и возможна кража всех средств. В отдельных случаях ссылка содержит вирус для кражи персональных данных с устройства. На сегодняшний день, атаки уже зафиксированы в России и США, поэтому существует риск распространения подобной схемы в Казахстане. Напоминаем, что официальные уведомления о наложении административного штрафа поступают только с короткого номера 1414 и не содержат ссылок для оплаты. Информация о наложенных штрафах также передается через egov.kz и в мобильных приложениях банков. Если Вы получили сообщение о штрафе с номера 1414 и в нем есть ссылка для оплаты – не

переходите по ней! Это обман! Такие сообщения рассылают мошенники! Рекомендуем: - не переходить по ссылкам и не открывать вложения из писем, вызывающих сомнения; - сведения о штрафах перепроверять только на официальных ресурсах egov.kz, qamqor.gov.kz и в мобильных приложениях банков. Если Вы уже перешли по ссылке и ввели данные: - срочно заблокируйте банковскую карту; - сообщите в банк и полицию по номеру 102 о возможном факте мошенничества; - проверьте устройство на наличие вируса. Оставляйте бдительными. Предупредите близких. Не давайте мошенникам шанса!

Центр прогнозирования преступных угроз и рисков общественной безопасности Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры РК

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕРДІ БАҒАЛАУ ЖОБАСЫ БОЙЫНША ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі мен қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес, «Ақтас Энерджи» ЖШС «Жамбыл облысындағы жалпы қуаты 1 ГВт болатын жел электр станциясы мен қуаты 300 МВт/600 МВт-сағ аккумуляторлық энергия сақтау жүйесін қамтитын «Мирный» жобасына қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ)» жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулардың өткізілетінін хабарлайды.

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:

Мойынқұм ауданы	Шу ауданы
45.120931	73.856951
45.120931	73.918062
44.664682	73.497721
44.523862	73.783365
44.240871	73.78657
43.947944	73.687693
43.938056	73.511911
44.43535	73.676706
44.65144	73.26716
44.826051	73.195749

Жоспарланған қызмет елді мекендердің аумағына әсер етпейтінін ескере отырып, қоғамдық тыңдаулар жақын маңдағы елді мекеннің аумағында өткізіледі.

Қоғамдық тыңдаулар келесі мекенжайларда өтеді:

- Мирный ауылында – 28 қазан 2025 жыл, сағат 11:00, Абылайхан көшесі, №7. Қосылға сілтеме: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=979231096784>
- Мойынқұм ауылында – 29 қазан 2025 жыл, сағат 11:00, Амангелді көшесі, №147. Қосылға сілтеме: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=912140619356>
- Шу қаласында – 30 қазан 2025 жыл, сағат 11:00, Аркалық көшесі, №7, Мәдениет үйі. Қосылға сілтеме: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=914763321000>

Жоспарланған қызметтің бастамашысы:

«Ақтас Энерджи» ЖШС
БСН: 201040005619

Заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 15 «А», «Q» бизнес-орталығы, А блогы, 7-қабат

Электрондық пошта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com

Телефон: +7 701 244 2288

ҚОӘБ жобасын әзірлеушінің байланыс деректері:

«АСБК Қолданбалы биология орталығы» ЖШС
БСН: 230440017273

Мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 18, 406-кеңсе
Электрондық пошта: sergey.sklyarenko@acbk.kz. Телефон: +7 701 221 3315

Жоба материалдарымен келесі ресурстар арқылы танысуға болады:

- Бірыңғай экологиялық портал: www.ndbecology.gov.kz
- Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайты: www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілмес бұрын кемінде 3 жұмыс күні бұрын www.ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады.

Қоғамдық тыңдаулар аралас форматта өтеді.

A

О ПРОВЕДЕНИИ ОБЩЕСТВЕННЫХ СЛУШАНИЙ ПО ПРОЕКТУ ОЦЕНКИ ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ОКРУЖАЮЩУЮ СРЕДУ

В соответствии с требованиями Экологического кодекса Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, ТОО «Актас Энерджи» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту: «Оценка воздействия на окружающую среду (ОВОС) по проекту «Ветровая электрическая станция общей мощностью 1 ГВт с использованием аккумуляторной системы накопления энергии мощностью 300 МВт/600 МВт-ч «Мирный» в Жамбылской области»

Географические координаты территории воздействия:

Мойынқумский район	Шуский район
45.120931	73.856951
45.120931	73.918062
44.664682	73.497721
44.523862	73.783365
44.240871	73.78657
43.947944	73.687693
43.938056	73.511911
44.43535	73.676706
44.65144	73.26716
44.826051	73.195749

Учитывая, что намечаемая деятельность не будет оказывать воздействие на территорию населенных пунктов, общественные слушания будут проведены на территории ближайшего населенного пункта.

Общественные слушания состоятся:

- В с. Мирный – 28 октября 2025 г. в 11:00 по адресу ул.Абылайхана, дом 7, ссылка на подключение: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=979231096784>
- В с. Мойынқум – 29 октября 2025 г. в 11:00 по адресу ул. Амангельды, 147, ссылка на подключение: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=912140619356>
- В п. Шу – 30 октября 2025 г. в 11:00 по адресу ул. Аркалық 7, Дом культуры, ссылка на подключение: <https://meet.qosyl.kz/meeting?room=914763321000>

Инициатор намечаемой деятельности:

ТОО «Актас Энерджи»
БИН: 201040005619

Юридический адрес: Республика Казахстан, г. Астана, район Есиль, пр. Кабанбай батыра, 15 «А», Бизнес-центр «Q», блок А, 7-ой этаж

Электронная почта: aizhan.kamysbayeva@external.totalenergies.com

Телефон: +7701 2442288

Контактные данные разработчика ОВОС:

ТОО «Центр прикладной биологии АСБК»

БИН: 230440017273

Адрес: Республика Казахстан, г. Астана, ул. Бейбитшилик 18, офис 406

Электронная почта: sergey.sklyarenko@acbk.kz

Телефон: +7701 2213315

Материалы проекта доступны для ознакомления:

- на Едином экологическом портале по ссылке www.ndbecology.gov.kz
 - на сайте Управления природных ресурсов и регулирования природопользования: www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat
- Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний в информационной системе ndbecology.gov.kz

A

«Таразтрансэнерго» ММК тұтынушыларының назарына!

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі №68-НҚ бұйрығына сәйкес, 2025 жылғы 1 қыркүйектен бастап «Таразэнергоцентр» АҚ-ның жылу көздерінен өндірілетін жылу энергиясымен жабдықтау қызметіне жаңа тарифтер енгізілгенін хабарлайды:

басқа ұйымдар үшін

- есепке алу аспаптарымен 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 17 374,09 теңге;
- есепке алу аспаптарысыз 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 29 385,45 теңге;

бюджеттік ұйымдар үшін

- есепке алу аспаптарымен 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 29 090,15 теңге;
- есепке алу аспаптарысыз 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 47 680,93 теңге;

Тұрғындар үшін: 1-топ 100 шаршы метрге дейін

- есепке алу аспаптарымен 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 3 632,37 теңге;
- есепке алу аспаптарысыз 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 5 374,76 теңге,

оның ішінде:

- 1 м² үшін жылуға ҚҚС-сыз 141,20 теңге.

Тұрғындар үшін: 2-топ 100 шаршы метрден 200 шаршы метрге дейін

- есепке алу аспаптарымен 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 3 995,61 теңге;
- есепке алу аспаптарысыз 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 5 912,23;

оның ішінде:

- 1 м² үшін жылуға ҚҚС-сыз 155,32 теңге.

Тұрғындар үшін: 3-топ 100 шаршы метрден 200 шаршы метрге дейін

- есепке алу аспаптарымен 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 9 387,13 теңге;
- есепке алу аспаптарысыз 1 Гкал үшін ҚҚС-сыз 11 264,56 теңге;

оның ішінде:

- 1 м2 үшін жылуға ҚҚС-сыз 295,94 теңге.

Ыстық сумен жабдықтау – ҚҚС-сыз 1 адамға 1 202,82 теңге.

A

БАРКУАБ ҚАЛАСЫНЫҢ ҚАЗБА ЖҰМЫСТАРЫ ҚАШАН ЖАНДАНАДЫ?

Аталған шаһарда инфрақұрылым дамып, көлөнер, егіншілік пен сауда-саттық ерекше екпін алған. Ұлы Жібек жолы бойындағы қала болғаны да оның дамуына айрықша серпін берген. Ортағасырлық араб, қытай, парсы шежірешілері мен саяхатшылардың

қолдауымен қазба жұмыстары басталып, төбесі қоршалған еді. Қазір қазба орындары алты бөліктен құралып тұр. Кейбір бөліктер екі қабаттан тұрғызылған. Осыған қарап ғалымдар Баркуаб қаласында көпқабатты үйлер болған деген де болжам айтууда.

Кезінде Жуалы ауданын басқарған, қазба жұмыстарына тікелей ұйытқы болған Бақтияр Көпбосыновтың айтуынша, олар Баркуаб қаласының орнын ойламаған жерден тапқан екен.

– Теріс ауылындағы орта мектепте



жазбаларында Баркуаб үлкен әрі аса дамыған қала ретінде сипатталады. Осы деректер шаһардың шын мәнінде ірі сауда, экономикалық, әкімшілік және саяси орталық болғанын растай түседі.

Кезінде Баркуаб қаласының орнында Ш.Уәлиханов атындағы археология институтының мамандары – Ә.Марғұлан мен тарих ғылымдарының докторы М.Елеуов зерттеу жұмыстарын жүргізген. Ал Баркуаб қалашығын 1893 жылы орыс шығыстанушысы В.Бартольд анықтаса, 1940 жылы археолог Г.Пацевичтің жетекшілігімен Жамбыл археологиялық пункті экспедиция жасаған. 1978 жылы Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің экспедициясы зерттеу жұмыстарын қолға алды.

Бүгінде бұл қалашықтан табылған көне жәдігерлер Жуалы аудандық тарихи-өлкетану музейіне өткізіліп, туристерді тарта түсуде. Мұражайдағы тас дәуірінің белгісі – дән өңдегіш астаулар, темір дәуіріндегі майшамның тұғыры, қыз-келіншектер таққан моншақтар көпшіліктің ерекше қызығушылығын тудыруда. Осы құнды жәдігерлерге жапон ғалымдары ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, қала кемінде 1448 жыл бұрын пайда болған деген байламға келіп отыр.

Қалашықтың үлкен қарауыл мұнарасы орналасқан жерге 2017 жылы сол кездегі Жуалы ауданының әкімі Бақтияр Көпбосыновтың

2019 жылы Жуалы ауданы әкімдігі бюджетінен қазба жұмыстарына 10 миллион теңге бөлінсе, 2020 жылы – 6, 2021 жылы 5 миллион теңге көлемінде қаржы қаралған. Осы қаражат есебінен қазба жұмыстарына тарихшы Ескендірбек Төрбеков басшылық жасап, кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырып отыр.

– Қазба жұмыстары кезінде 12 метрлік құдық табылды. Бірнеше бидай сақтайтын қамбаның орындары анықталды. Бұл осыдан 2 мың жылдан астам уақыт бұрын қала тұрғындары астық өсірумен айналысқанын айғақтайды.

Одан бөлек, қазба жұмыстары барысында бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген адамның бас сүйегі табылды. Сондай-ақ бұл тарихи орыннан осыдан 1800 жыл (18 ғасыр) бұрынғы көмір қалдықтары аршылып алынды. Осының бәрін назарға ала отырып, бұл қалашықтың атауы «Фитиян» болуы да мүмкін деген болжам бар. Баркуаб маңайындағы Теріс, Нұрлықент, Бақалы ауылдары тарихи қалашықтың аумағында орналасуы да мүмкін. Сондықтан Баркуаб қаласы туралы әлі зерттейтін дүние көп, – дейді тарихшы Е.Төрбеков.

Кейінгі алты жылда Баркуаб қалашығының орнына 10 мыңнан аса турист келіп, тарих қойнауына үңілген екен. Олардың қатарында Атырау, Ақтау, Түркістан облыстарынан бөлек, Ресей мемлекетінен келген туристер де бар.

шағын музей бар. Бір жолы сол мектепке барып, 2 мың жылдан астам тарихы бар құмыраның қойылғанын көрдім. Кейіннен ауыл тұрғындары ауаларында жер қазғанда әшекей бұйымдар, қыш ыдыстар тауып алып жатқандарын айтқаннан кейін зерттеу жұмыстарына кірістік. Құнды жәдігерлердің табылған ізімен жүріп, осы төбені анықтадық. Содан 2018 жылы тарихи қалашыққа қазба жұмыстарын жүргізу маңыздылығын дәлелдеп, қазынадан қаржы қарау мүмкіндігіне ие болдық, – дейді Б.Көпбосынов.

Ғалымдар Баркуаб қаласында табылған ерекше бұйымның бірі – Қаңлы мемлекеті тұсындағы құмыра екенін айтады. Құмырада, тіпті, шебердің саусақтарының ізі де сақталып қалған. Дәл осындай құмыралар Арыс өзенінің маңынан табылған екен. Түркістан мен Шардарадағы қазба жұмыстары кезінде де осындай құмыралардың бірнеше үлгісі анықталған. Қаңлы құмырасын сол жәдігерлермен салыстыра отырып, ғалымдар Баркуаб қаласы біздің заманымызға дейінгі I ғасырда өмір сүрген деген байламға келіп отыр. Сондай-ақ зерттеушілер Баркуаб қаласы Қаңлы мемлекеті билеушілерінің жазғы демалыс орны болғанын айтууда. Қазба жұмыстарын жүргізгендер Жуалы ауданы маңындағы үлкен қорғанның астында Баркуаб қаласы жасырынып жатқанына сенімді.

Археолог Александр Бернштам мен

Василий Каллаурдың еңбектеріне сүйенсек, Баркуаб қалашығы ертеде «Иркут шаһары» деп те аталыпты. Араб тілінен аударғанда көне қаланың екі атауы да «Теріс» деген мағына береді.

Қазба жұмыстарының басы-қасында болған өлкетанушы Дәулетжан Байдалиевтің айтуынша, археологиялық жұмыстар кезінде адам таңғаларлық дүниелер табылыпты.

– Баркуаб қаласынан табылып жатқан жәдігерлер адам таң қалдыруда. Мәселен, таңбалы тас аталатын жәдігерге ою-өрнектер қалай таңбаланғанын түсіну қиын. Бейне бір табиғи құбылыстар тасқа ою салып кеткендей. Сол секілді мұнда балық шаруашылығында пайдаланылған тастар да археологтардың қызығушылығын тудыруда. Сондай-ақ қазба орындарынан кетпен, майшам, өрнек тоқуға арналған керме, дірмен, тас астау және қыш ыдыстар табылуда.

Ал ең таңғаларлығы, 30 метр тереңдіктен табылып жатқан молалар болып тұр. Онда мәйіттер мұсылманша жерленбеген. Бас жағына тас қойылып, бір қырымен жатқызылған. Археологтар мұны ертедегі адамдар қайтыс болған жақындарын ананың құрсағында жатқандай етіп жерлеген деген болжам айтууда. Әрине, ол әлі талай зерттеуді қажет етеді.

Тағы бір айта кетерлігі, Баркуаб қаласының жанында Жылқышөтебе атанып кеткен жер бар. Археологтар осы жерде қазба жұмыстарын бастап, үш қабаттан тұратын үйлердің төбесінен түсті. Ал бөлмелердің қуыстарынан кәріз суын ағызатын құбырлар табылды. Бұл – шын мәнінде, таңғалатын нәрсе. Сонда осыдан 2 500 жыл бұрын үш қабатты үйлер тұрғызылып, онда кәріз жүйесі орнатылғаны ғой.

Осы орайда ғалымдардың ойын сан сакка жүгіртіп отырған тағы бір жайтты айтсам. Топырақтан аршылып алынып жатқан жәдігерлердің ішінен үлкен пішінді жалғыз бас табылды. Денесі жоқ басты зерттеушілер «Ертедегі хандар өз жауларының басын кесіп алып, шатырының маңына іліп қойған. Бұл Томирис



шауып алған Кир патшасының басы секілді» деген болжам жасауда, – дейді Дәулетжан Байдалиев.

Аталған басты археологтар Жапония мемлекетіне жіберген. Ондағы ғалымдар оны әлі күнге зерттеп жатыр екен. Алайда бұл Томирис шауып алған парсы патшасы Кирдің

басы ма, жоқ па, ол туралы нақты ақпар жоқ.

Қалай дегенде де ежелгі Баркуаб қаласы әлі жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Алайда 2021 жылдан кейін қазба жұмыстары тоқтап қалғаны қынжылтып отыр. Сонда қазба жұмыстарының тоқтап қалуына не себеп болды? Қаржының бөлінбеуі ме, әлде мұның басқа да сыры бар ма?

Жуалылықтардың айтуынша, ежелгі Баркуаб қалашығының маңынан өткенде түрлі дауыстар шығады екен. Әсіресе, түн мезгілінде ежелгі шайқастар мен ат тұяғының дүбірі естілетін көрінеді. Сондай-ақ тұрғындар Баркуаб қалашығына жақындасаң, басыңды белгісіз бір күш қысып, есенгіретіп тастайтынын айтады. «Сондықтан археологтар мұндағы қазба жұмыстарын қайта қолға алмай отыр», – дейді жуалылықтар.

Бұл сауалмен «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру» дирекциясының директоры, ғалым-тарихшы, археолог Сауран Қалиевке қайырылып едік, маман бар мәселе қаржыға келіп тіреліп отырғанын айтты.

– Қазба жұмыстарына қаржы қаралмай отыр. Бар мәселе – осында. Баркуаб қаласынан бөлек, Жамбыл облысында қазба жұмыстары тоқтап қалған тарихи орындар көп. Бір ғана «Көне Тараз» қалашығының да қазба жұмыстары аяқсыз қалып отыр. Егер қаржы бөлінсе, қазба жұмыстарын ертең бастауға дайынбыз, – дейді археолог.

Әрине, Баркуаб қалашығы сынды үлкен жобаға қомақты қаржы керек. Ал Жуалы ауданы әкімдігі қазынадан ондай қаражат қарай алмайтыны белгілі. Сондықтан жергілікті билік өкілдері қазба жұмыстары қашан қайта жанданатынын нақты айта алмай отыр. Бәлкім, бұл мәселеге облыс, тіпті, республика көлемінде көңіл бөлетін кез келген шығар?! Сонда ғана құнды



жәдігерімізді құмнан аршып алып, тарихымызды таныта аламыз. Әлем елдері осындай бір ғана тарихи орынмен туристік кластерді дамытып, қазынаға қомақты қаржы түсіріп жатқанын естен шығармаған абзал.

Саян ТІЛЕУЖАН

«ҰЛЫ ДАЛА ЖОРЫҒЫ»:

Жамбылдық жүйріктер жарыстан неге шет қалды?



Осыдан кейін көкейдегі көп сауалға жауап табу үшін біз Жамбыл облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасына хабарласып, сұрақты төтесінен қойдық.

– 2022 жылдан бастап біздің облыста ат спортының бәйге, классикалық және олимпиадалық түрлерінің федерациясы жұмыс істей бастады. Сол жылы өңірдің

көрсеткіші жаман болған жоқ. Үлкен марафонға ат қосып, алғашқы төрттікті түйіндеген едік. Кейінгі жылдардағы нәтижеміз де көңіл қуантты. Алайда быыл Торғай даласында өткен аламанға қатыса алмауымыздың себебі – әулиеаталық арғымақтардың аталмыш жарысқа толық дайын болмауы.

Дәстүр бойынша «Ұлы дала жорығы»

жылына бір рет өтеді. Биылғы көктемде Алматы облысында ұйымдастырылған бәйгеге қатысып қайтқан болатынбыз. Ал «Ұлы дала жорығы» басқа бәйгелерден өзгешелігі – бірнеше күнге жалғасатын ауқымды жорық. Мұндай сынға ат дайындау үшін ұзақ уақыт қажет. Оның үстіне бәйгеге қосылатын жүйріктердің бағасы да арзанға түспейді. Қысқасы, жұрт арасында айтылып жүргендей, мәселе қаржылық жағдайға байланысты емес, – дейді басқарманың бұқаралық және ұлттық спорт түрлері бөлімінің бас маманы Гүлназ Сағындықова.

Басқарма өкілінің сөзінен түйгеніміз, Жамбыл облысының спорт саласын ұдайы назарда ұстап келе жатқан сала мамандары төрт жылдық тәжірибеден үлкен сабақ алған сыңайлы. Әрбір өткізілген дода, әрбір кеткен мүмкіндік олар үшін жаңа ой, жаңа жауапкершілік болып, болашаққа деген сенімді нығайта түскені байқалады. Сол себепті де басқарма басшылығы келер жылы өтетін үлкен аламанға дайындыққа шыңдап кірісіп, әр қадамды жоспарлы түрде іске асыруға бел буыпты.

Қорыта айтқанда, жергілікті жұртшылық та, атқамінер ағайын да алдағы аламаннан үлкен үміт күтуде.



Бәйге жолында тұлпарларымыздың тұяғы дүбірлеп, жеңіс жалауы желбірейтін күн алыс емес деген сенім бар. Лайым,

сол сенім ақталып, Әулиеата өңірінің арғымақтары ел мерейін үстем етер сәт алдағы күннің еншісінде болғай!



МЕНШІК ИЕСІ:
«Жамбыл-Тараз»
газетінің редакциясы» ЖШС
Қабылдау бөлмесі: 45-62-65

Бас редактор –
САЯТХАН САТЫЛҒАНОВ

Бас редактордың орынбасары: Мұратхан ӘЛІМХАН
Жауапты хатшы: Құрбанәлі ШАХАБАЙ
Тілшілер: Жұматай КӨКСУБАЙҰЛЫ
Арайлым ШАБДЕНОВА
Анель ТОТАНБАЕВА
Дизайнер: Сәндібек ДОСТАНБЕКОВ
Корректор: Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА
Тілшілер: 54-66-64
Жарнама менеджері: Жансая БАЗАРБАЕВА
Нөмірдің кезекшісі: Мұратхан ӘЛІМХАН

SMM БӨЛІМІ

Контент-редактор:
Жаннұр МУХАНОВА
Фото-видео монтажер:
Нұрлан БЕКТҮРСЫН

Авторлар пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы емес. Қолжазбалар әдеби тұрғыда өңделеді және авторға қайтарылмайды.
Ақпарат ақиқаттығына мақала авторы, ал жарнама мен хабарландыру үшін тапсырыс иелері жауап береді. «Jambyl-Taraz» газетінің материалдарын көшіріп басу үшін редакцияның келісімі керек.

Мекенжайымыз:
Тараз қаласы, Ы.Сүлейменов, 7 «А»
e-mail: jambyltaraz1996@gmail.com
Жалпы тіражы: 11 894
Тапсырыс: 552

Газет қазақ және орыс тілдерінде аралас, аптасына екі рет шығады.

Мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №КЗ87ВРУ00060446 куәлік 2022 жылғы 2 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінен берілген.

Жазылу индексі: 65605

Газет «ERNUR-MEDIA» ЖК-да басылды.
Тараз қ., Төле би, 36 «Б».

Газет мекенжайыңызға уақытылы келіссе, мына телефондарға хабарласыңыз:

8 771 088 60 44

8 705 789 70 74